

Абай – дана, Абай – дара қазақта

Жетісай аудандық орталықтан-дырылған кітапханалар жүйесіне қарасты Асықата аймақтық балалар кітапханасы филиалында 10 тамыз-Абай күніне орай «Абай – дана, Абай – дара қазақта» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Көрменің мақсаты – ұлы ақын, ойшыл, ағартушы Абай Құнанбайұлының мол әдеби мұрасын жас ұрпаққа кеңінен насихаттау, оқырмандардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, ұлттық рухани құндылықтарды дәріптеу және Абай шығармалары арқылы білімге, өнерге, адамгершілікке тәрбиелеу.

Кітап көрмесіне ақынның өлеңдер жинақтары, қара сөздері, өмірі мен шығармашылығына арналған кітаптар, ғылыми-зерттеу еңбектері мен танымдық әдебиеттер қойылды. Кітапхана қызметкерлері көрмеге шолу жасап,



оқырмандарды Абайдың шығармашылық әлемімен таныстырып, оның өнегелі өмірі мен даналыққа толы мұрасы туралы кеңінен әңгімеледі.

Шара барысында қатысушылар Абайдың өлеңдерін оқып, қара сөздерінен үзінділер айтып, ұлы ақынның халқымыздың рухани әлеміндегі орны ерекше екенін атап өтті.

Жетісай аудандық орталық кітапхана.

Туберкулез – қауіпті дерт

Туберкулез – әлемде кең таралған және қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы өзекті мәселелердің бірі болып саналатын жұқпалы ауру. Бұл ауруды *Mycobacterium tuberculosis* (Cox таяқшасы) бактериясы қоздырады. Көбінесе өкпені зақымдағанымен, сүйек, буын, бүйрек, лимфа түйіндері, ми қабықтары және басқа да ішкі ағзаларды зақымдауы мүмкін.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша, туберкулез әлі күнге дейін көптеген елдерде халық денсаулығына елеулі қауіп төндіретін аурулардың қатарында. Туберкулездің басты ерекшелігі – оның бастапқы кезеңінде айқын белгілерсіз өтуі. Осыған байланысты көптеген адамдар дер кезінде медициналық көмекке жүгінбей, ауру асқынған кезде ғана дәрігерге қаралады. Сондықтан туберкулездің алдын алу, ерте анықтау және уақытылы емдеу – әрбір азаматтың денсаулығын қорғауда маңызды рөл атқарады.

Туберкулез қалай жұғады?

Туберкулез негізінен ауа-тамшы жолымен таралады. Белсенді туберкулезбен ауыратын адам жөтелгенде, түшкіргенде, сөйлескенде немесе күлгенде ауаға ауру қоздырғыштарын бөледі. Бұл бактериялар қоршаған ортаға таралып, сау адамның тыныс алу жолдары арқылы ағзаға енуі мүмкін.

Алайда туберкулез қол алысу, құшақтасу, ортақ ыдысты пайдалану немесе тағам арқылы оңай жұқпайды. Ауру көбіне ұзақ уақыт бойы науқаспен бір жабық бөлмеде бірге болған жағдайда жұғу қаупін арттырады.

Аурудың пайда болу қаупін арттыратын факторлар

Туберкулездің дамуына келесі жағдайлар әсер етуі мүмкін:

- *иммунитеттің әлсіреуі;
- *дұрыс тамақтанбау және дәрумендердің жетіспеушілігі;
- *созылмалы аурулардың болуы;
- *темекі шегу, алкоголь мен есірткі пайдалану;
- *санитариялық талаптардың сақталмауы;
- *халық тығыз орналасқан және желдетуі нашар орындарда ұзақ уақыт болу;
- *туберкулезбен ауыратын адаммен тығыз қарым-қатынаста болу.

Туберкулездің негізгі белгілері

Аурудың алғашқы белгілері тұмау немесе басқа тыныс жолы ауруларына ұқсас болуы мүмкін. Сондықтан келесі белгілер байқалған жағдайда міндетті түрде дәрігерге қаралу қажет:

- *екі аптадан астам уақытқа созылатын жөтел;
- *қақырықтың бөлінуі, кейде қан аралас болуы;
- *дене қызуының ұзақ уақыт субфебрильді деңгейде сақталуы;
- *түнгі уақытта шамадан тыс терлеу;
- *төбеттің төмендеуі;
- *дене салмағының азаюы;
- *әлсіздік, тез шаршағыштық;
- *кеуде қуысының ауыруы және енгігу.

Бұл белгілердің барлығы бірдей туберкулезді білдірмейді. Дегенмен, мұндай жағдайларда өздігінен емделмей, медициналық тексеруден өту өте маңызды.

Туберкулезді анықтау әдістері

Қазіргі таңда туберкулезді ерте анықтаудың тиімді әдістері қолданылады. Олардың қатарына:

- *флюорографиялық немесе рентгенологиялық зерттеу;
- *қақырықты зертханалық зерттеу;
- *молекулалық-генетикалық диагностика әдістері;
- *Манту сынамасы және Диаскинтест (балаларға көрсетілім бойынша);
- *дәрігердің клиникалық тексеруі жатады.

Ерте анықталған туберкулез толық емделуге мүмкіндік береді және аурудың басқа адамдарға таралуының алдын алады.

Туберкулездің алдын алу шаралары

Туберкулездің алдын алуда әр адамның жауапкершілігі ерекше маңызды. Аурудың алдын алу үшін:

- *жаңа туған нәрестелерге БЦЖ вакцинасын ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес уақытылы салдыру;
- *жыл сайын профилактикалық медициналық тексерулерден және флюорографиялық зерттеуден өту;
- *дұрыс әрі құнарлы тамақтану;
- *таза ауада серуендеу және тұрақты дене белсенділігімен айналысу;
- *үй-жайларды жиі желдетіп, ылғалды тазалау жұмыстарын жүргізу;
- *жеке бас гигиенасын сақтау;
- *темекі шегуден және алкогольді шамадан тыс пайдаланудан бастарту;
- *иммунитетті нығайту және салауатты өмір салтын ұстану қажет.


Емдеу ерекшеліктері

Туберкулез – қазіргі медицинада толық емделетін аурулардың бірі. Бірақ емдеу ұзақ уақытты талап етеді және бірнеше ай бойы арнайы туберкулезге қарсы дәрілік препараттарды үздіксіз қабылдауды қажет етеді. Сондықтан дәрігердің барлық ұсынымдарын қатаң сақтау өте маңызды.

Емдеу курсы өз бетінше тоқтату немесе дәрілерді уақытылы қабылдамау бактериялардың дәріге төзімді түрлерінің пайда болуына әкелуі мүмкін. Мұндай жағдайда ауруды емдеу әлдеқайда күрделі әрі ұзаққа созылады.

Д.АБДЕШЕВА,
Жетісай аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ КҮМІС ЖҮЛДЕГЕРІ – ЖЕТІСАЙДЫҢ МАҚТАНЫШЫ!



Жуырда Әзербайжан Республикасының Баку қаласында өткен еркін күрестен әйелдер арасындағы U17

жасөспірімдер арасындағы Әлем чемпионатында жерлесіміз Айша Әбдімәлік 65 келі салмақ дәрежесінде жоғары деңгейде өнер көрсетіп, Әлем чемпионатының күміс жүлдегері атанды.

Айша Әбдімәлік 2022–2025 жылдар аралығында Жетісай ауданының №3 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде тәлім алып, өзінің алғашқы спорттық жетістіктеріне жол салды. 2025 жылы ол Астана қаласындағы Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы республикалық спорт колледжіне оқуға түсіп, спорттық шеберлігін

шыңдауды жалғастыруда.

Бұл зор жетістікке шәкірттің спорттық қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқан жаттықтырушылар Ислам Касимов пен Жомарт Славовтың еңбегі ерекше.

Бұл жетістік – Жетісай ауданының спорт саласы үшін үлкен мақтаныш, үлкен мәртебе. Айшаға алдағы халықаралық додаларда бұдан да биік белестерді бағындырып, жеңіс тұғырынан көріне беруіне тілектеспіз!

Жеңісің құтты болсын, Айша!

Жетісайдың абыройын әлемдік аренада асқақтата бер!

Жетісай ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі.

Хабарландыру

“Birlik-E” ЖШС мақта зауытына қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алу үшін материалдардың жобалауға жасалған ашық отырыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Өткізу орны: Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Асықата ауылы, кв. 113, уч. 1009 (мақта зауытының ғимаратында)

Өткізу күні мен уақыты: 2026 жылдың 17 қыркүйек сағат 12:00-де.

Конференцияға онлайн қосылу: <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZibXJnTkNRUT09>

Конференция идентификаторы: 616 540 8596

Кіру коды: 123456

Қоғамдықтың дауға жіберілген құжаттар менкелесі <https://ndbecology.gov.kz/> порталында танысуға болады, сондай-ақ Жергілікті атқарушы орган «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтының «қоғамдық тыңдау» бөлімінің сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=kk> танысуға болады Мекен-жайы: Түркістан қаласы, Жаңақалаш.а., 160 кварт., 32 көше e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz.

Бастамашы: “Birlik-E” ЖШС мекен-жайы: Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Асықата ауылы, кв. 113, уч. 1009БСН 220740049290, тел. +77019223374

Орындаушы: «Tabigat8» ЖК, Шымкент қ., 189 кв, 33 үй. тел. +77711515038. Email:

“Birlik-E” ЖШС барлық тілек білдірушілерді қоғамдық тыңдауларға қатысуға шақырады. Барлық мүдделі тұлғалар өздерінің ескертулері мен ұсыныстарын келесі электрондық пошта мекен-жайы бойынша енгізе алады:

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын қағаз жүзіндегі материалдармен Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Асықата ауылы, кв. 113, уч. 1009 мекен-жайы бойынша танысуға болады. Барлық сұрақтар бойынша мына телефонға: +77019223374

Географиялық координатасы:
Ендік: 40°52'52.46"С
Белдік: 68°21'38.63"В

Объявление

ТОО “Birlik-E” объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проектным материалам для получения экологического разрешения на воздействие для хлопкового завода.

Место проведения: Туркестанская область, Жетысайский район, п. Асыката, квартал 113, участок 1009 (в здании хлопкового завода).

Дата и время проведения: 17 сентября 2026 года в 12:00.

Подключиться к конференции <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZibXJnTkNRUT09>

Идентификатор конференции: 616 540 8596

Код доступа: 123456

С материалами, выносимыми на общественные слушания, можно ознакомиться на портале <https://ndbecology.gov.kz/>, а также на сайте <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=kk> Местного Исполнительного Органа ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области», адрес: г. Туркестан, мкр. Новый город, кварт. 160, ул. 32. e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz в разделе «Общественные слушания».

Инициатор: ТОО “Birlik-E” адрес: Туркестанская область, Жетысайский район, п. Асыката, квартал 113, участок 1009БИН 220740049290, тел. +77019223374

Исполнитель проекта: ИП «Tabigat8», г. Шымкент, 189 квартал, дом 33 тел. +77711515038. Email: zhadra 140992@inbox.ru

ТОО “Birlik-E” приглашает всех желающих принять участие в общественных слушаниях. Все заинтересованные лица могут внести свои замечания и предложения, отправив их на электронную почту: a.erkebai@ontustik.gov.kz.

С материалами проекта в бумажном виде можно ознакомиться по адресу: Туркестанская область, Жетысайский район, п. Асыката, квартал 113, участок 1009По всем вопросам обращаться по телефонам: +77019223374